

FTAXP13.91

<https://doi.org/10.63051/kos.2024.4.306>

*¹Шоинжанова М.  ²Батырхан Б.Ш. 

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
²Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, Қазақстан
E-mail: ¹madina-mikka@mail.ru, ²hafizbolat@mail.ru

ҮНДІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ҚАҺАРМАН КЕЙІПКЕРІНІҢ БОЛМЫСЫ

Аңдатпа. Мақаламызға арқау болған тақырып үнді халқының ұлы тұлғасы философ, жазушы, ақын Рабиндранат Тагордың «Гәуірмаһан» романындағы Гора есімді кейіпкер мен қазақ халқының белгілі жазушысы, журналист, аудармашы, қоғамдық қайраткері Шерхан Мұртазаның «Қызыл Жебе» романындағы Тұрар Рысқұловтың қаһармандығы туралы баяндалады. Бұл екі жазушының өмір сүру кезеңінде алпыс жылдай уақытты қамтыса да олардың романындағы арқау болған тақырып қоғамдағы түбегейлі өзгерістер еді. Яғни, отарлау саясаты кезіндегі роман қаһарманының қызметі мен рухани ізденісі және өзін-өзі тану мен табуымен үйлесетін. Үндістандағы ағылшын империалистерінің отарлау саясаты мен қазақ жеріндегі Ресейдің отарлау саясаты талай шығармаларға арқау болып, бұл елдерде мол әдеби мұраны құрайды. Солардың ең маңыздыларының бірі және бірегейі – үнді әдебиетінде «Гәуірмаһан» романы, қазақ әдебиетінде «Қызыл Жебе» романы. Әрбір ұлттың әдеби мұраларындағы қаһармандық кейіпкер сол қоғамның дағдарыс кезеңінде халықтың қамы үшін басын тәуекелге тіккен, өзінің жеке мүддесін емес көпшіліктің мүддесін мақсат еткен тұлғаны сомдайды. Қоғамдағы қиын кезеңдер тұлғаларды қалыптастырады және тұлға өзі үшін емес көпшілік үшін қызмет етеді. Бұл мақалада Тагордың «Гәуірмаһан» және Шерханның «Қызыл Жебе» романдарындағы кейіпкерлер Гора мен Тұрардың болмысы, халықтың жай-күйі туралы ой-толғанысы және сол жолдағы қаһармандық еңбегі баяндалады. Мақаланың мақсаты қазақ және үнді әдебиетіндегі роман кейіпкерлер-қаһармандарының еңбегінің қоғамға әсерін, ұлт рухының оянуына ықпал ететін қызметтерін сабыстырмалы түрде сипаттау. Мақалада салыстырмалы талдау, саралау, сыни әдістері сияқты ғылыми зерттеу әдістері қолданылады. Екі романның салыстырмалы талдау нәтижесінде екі тарихи кезеңде өмір сүрген екі халықтың романдарындағы кейіпкерлерінің ұқсас болмысы сипатталады. Бұл екі кейіпкер-қаһарманның жаңа бағытқа деген тәуекелі қоғамның ұлттық рухының оянуына қызмет еткені туралы салыстырмалы түрде ұқсастығы баяндалады.

Түйін сөздер: Рабиндранат Тагор, Шерхан Мұртаза, «Гәуірмаһан», «Қызыл Жебе», идеология, бостандық, ұлт, ұлттық бірегейлік.

Кіріспе

Кез келген ұлттың әдеби мұраларындағы қаһармандық кейіпкер сол қоғамның ең қиын кезеңіндегі көшбасшылық рольді сомдаған, халықтың қамы үшін соңынан көпшілікті ерте білген тұлғаны сомдайды. Қоғамдағы қиын кезеңдер тұлғаларды қалыптастырады және тұлға өзі үшін емес көпшілік үшін туылады және сол мақсатта қызмет етеді. Мақаламыздағы баяндалатын романдағы кейіпкерлер Гора мен Тұрардың болмысы, бұл қаһармандардың халыққа деген қызметі баяндалады.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Мақалада зерттеу жұмысының материалдық негізі ретінде Рабиндранат Тагордың және Шерхан Мұртазаның еңбектері, атап айтқанда Тагордың «Гәуірмаһан» романы және

Шерханның «Қызыл Жебе» романы, осы еңбектерге қатысты ғылыми-публицистикалық мақалалар қолданылды. Сонымен қатар, аталған тақырыпқа байланысты бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде жарияланған қазақ, орыс, түрік тілдеріндегі мақалалар мен деректер пайдаланылды.

Зерттеудің әдіснамасы әдеби шығармадағы үнді және қазақ қоғамындағы тарихи тұлғаларға қатысты оқиғаларға негізделгендіктен екі ел халқының жалпы хал-ахуалын, материалдық және рухани тоқыраудан шығар жол ізденісін, роман қаһармандарының халықтың болашағына қатысты алаңдауын және осы жол үшін тәуекелге баруларын, халыққа деген қызметін қарастыруда салыстырмалы-тарихи әдісіне негіздеген. Сонымен қатар, зерттеуде тарихи талдау, саралау, сыни әдістері де қолданылды. Мақалада қазақ және үнді әдебиетінің шығармаларындағы қаһармандардың болмысына, қызметіне салыстырмалы талдау жүргізіледі. Бұл талдау қоғамдарда орын алған маңызды оқиғалардың және құбылыстарды сол қоғамда тұлғаны қалыптастыратын фактор ретінде қарастырады. Саралау әдісі бойынша қоғамда орын алған құбылыстың себептерін, бұл құбылысты халық мүддесіне шешуге бағыттаған іс-әрекеттерін және бұл қызметтердің нәтижесі сараланып баяндалады. Сыни әдіс бойынша да, екі түрлі географиялық территорияда, екі түрлі қоғамда, екі түрлі халықтың тағдырындағы ұқсас құбылыстың ортақ белгілері және бұл құбылыс, яғни оқиға процесіндегі әрекеттері, бағыттары сыни көзқараста баяндалады.

Талқылау

Рабиндранат Тагор және еңбектері. Рабиндранат Тагор – үнді ақыны, философ, жазушы, драматург, музыкант, суретші, сонымен қатар білім беру реформаторы ретінде тек үнді халқының ғана емес адамзат өркениетіндегі маңызды әдеби тұлғалардың бірі. 1861 жылы 7 мамырда Калькуттада дүниеге келген Тагор бала жастайынан әдебиетке қызығып, сегіз жасында өлең жаза бастады. Калькуттадағы Шығыс семинариясында, мұғалімдер даярлайтын мектеп пен Бенгал академиясында Бенгал тарихы мен мәдениетін зерттеді. Тагор 1878 жылы Англияға заңгер мамандығына оқуға бастап, бірақ бір жарым жылдан кейін туған жеріне оралып, өзін толығымен әдеби қызметке арнаған Тагор 1901 жылы өз қаражатына мектеп ашады. Алғашқыда 5 бала оқитын мектепте кейінгі келе үнді халқының зиялылары өз балаларын осы университетке оқытуға тырысатын ең мықты университеттің біріне айналады (Рабиндранат Тагор, 1964:6). Тагор есімі бенгал тіліндегі «Такур» сөзінің ағылшынша түрі, ол «асыл адам, мырза» дегенді білдіреді. Тагор ауқатты және интеллектуалды отбасында дүниеге келген. Өнер мен әдебиетке деген сүйіспеншілігімен танымал болған оның атасы Дварканат Тагор «Ханзада» деген атпен белгілі ауқатты жер иесі болса, Тагордың әкесі Дебендранат Тагор көрнекті тұлға және діни реформатор болған. Тагордың өсіп-жетілуіне отбасы мен білімінен бөлек, өмір сүрген кезеңнің мәдениеті де ықпал етті (Рабиндранат Тагор, 1964: 5–6). Еңбектері ағылшын империалисттерге қарсы мәтіндерімен белгілі Тагор, 1915 жылы ағылшын үкіметінің сыйлаған «баронет» атағынан бас тартады. Ол 1913 жылы «Гитанжали» («Бағбан») атты поэзиялық кітабы үшін әдебиет бойынша Нобель сыйлығын алды. Гитанжали мен Нобель сыйлығы Тагорға «әлемдік ақын» дегенді білдіретін Висва Каби атағын берді және осы еңбегі тұлғаны әлемдік сахнаға танытты. Тагор Шығыс пен Батыстың ойлауын «адам болу санасы» ретінде синтездейтін «қайта туылған» адам ұғымымен толықтырады (Filiz Bayoğlu Kına:400). Рабиндранат Тагордың «Халықтың жаны» поэмасы Үндістанның мемлекеттік әнұранына айналды. Тагорға Калькутта университетінің әдебиет саласының докторы деген құрметті дәрежесіне, сонымен қатар Оксфорд университетінің құрметті докторы атағына ие болды. Рабиндранат Тагор ұзақ аурудан кейін 1941 жылы Калькуттада қайтыс болды (<https://www.nlb.by/>, 2017).

Тагор көркем шығармалардан бөлек, бірқатар сыни, публицистикалық-философиялық мақалалар мен музыкалық шығармалардың авторы ретінде бенгал әдеби тілінің дамуына

қосқан үлесі орасан зор. Тагордың елуге жуық өлең жинағы, он екі роман-повест, жүзден астам әңгіме, отыз пьеса, екі жүздей сыни мақаласы сынды мол мұрасымен белгілі (Рабиндранат Тагор, 1964:6). Тагор поэзия, романдар, әңгімелер, Үндістан тарихы туралы кітаптар, оқулықтар мен білім туралы мақалалар жазды. Тагордың негізгі прозалық шығармалары: «Құм түйіршіктері», «Аппак» романдары, «Тау» философиялық романы, «Құрбандық», «Қараңғы тыныштық патшасы», «Пошта бөлімшесі» және «Ашық ағын», «Төрт тарау» повесі, «Үй мен әлем», «Төрт бөлім» романы, «Соңғы октава», «Жапырақтар», «Кеш шамы» шығармалары жарық көрді. 1920 жылдары Тагор Еуропаға, Қытайға, Жапонияға және Латын Америкасына бірқатар сапарлар жасады және 1930 жылы ол Кеңес Одағына зияратынан кейін «Ресей туралы хаттар» еңбегі жарияланды (<https://www.nlb.by/>, 2017).

«Гәуірмаһан» романында он тоғызыншы ғасырдың жетпісінші-сексенінші жылдарындағы бенгал зиялыларының империалист ағылшындарға қарсы күресі сипатталған. Бұл кезеңде ағылшындардың жалдамалы әскерлері болған – сипайлардың көтерілісін күшпен басып жаншыған кезеңі еді. Бұл кезең Үндістан тарихында феодализмнен капитализмге өту кезеңімен тұспа-тұс келетін қоғамда жаңа құрылымның таптық құрамы енді ғана қалыптаса бастаған еді. Елдегі жағдай үшін басқыншыларға қарсы күресті үнді зиялылары мойына алған болды. Бұл кезеңде бенгал зиялылары «Брахмо Самадж» және «Неохиндуизм» бағытындағы екі діни идеологиялық ағымға бөлінді (Рабиндранат Тагор, 1964: 6). «Брахмо Самадж», яғни Брахмо қоғамы, 1828 жылы касталық жікшілдікке, пұтқа табынушыларға қарсы, жесір әйелдерді өртейтін Шаһраман заңына қарсы күресетін, сондай-ақ, әйел бостандығын дәріптейтін және Европалық мәдениетті қолдайтын прогресшіл бағыттағы ұйым ретінде бенгал ағартушысы Рам Маһан Рай тарапынан құрылды. Рабиндранат Тагордың әкесі Дебондронат Тагор және атасы Дварконат Тагор да осы қоғамның көрнекті өкілдері болған. Рабиндранат Тагордың өзі де біраз жыл осы қоғамның хатшысы қызметін атқарған. Он тоғызыншы ғасырдың алтпысыншы-жетпісінші жылдарында қоғам өкілдері арасында алауыздық туындап: «Әди Самаджды» және «Үнді Брахмо Самадж» болып екі жікке бөлінеді. Дебондронат Тагор бастаған «Әди Самаджды» ұйымы ежелгі үнді халқының діни-философиялық ілімдерін дәріптеген, европалық құндылықтардың барлығына табынуға қарсы болған көзқарасты қолдайды. Ұстанымы ұлттық дәстүрді кертатпа деген көзқарасты дәріптеген «Үнді Брахмо Самадж» қоғамының басшысы кейіннен Кешоб Чондро Сен индуизмнен бас тартып христиан дінін қабылдайды (Рабиндранат Тагор, 1964: 6–7). «Неохиндуизм» бағыты ұлттық құндылықты жақтайтын және шет елдік мәдениетке қарсы болуды, өз ұлтын сүюді дәріптейтін идеологиялық ұстанымда болды. Бұл ағымның артықшылығы үнді халқының рухын оятуы болса, кемшілік тұстары индуизмнің ескі кертатпа дәстүрлерін қорғауы еді (Рабиндранат Тагор, 1964: 7).

Тагордың шығармашылығына Баульс, Упанишад, Вайснавизм, Сопылық, Мирабай жырлары, Туласидалар, Чандидас, Кабирдің мистикалық әндері де әсер етті. Әдеби-рухани ортада өскен Тагор өзінің ішкі жандануын мынадай өрнектермен суреттейді:

«Бұл дүниенің мейрамына мені де шақырды олар,

Осылайша өмірім қасиеттенді.

Көзім көре бастады, құлағым ести бастады» (Filiz Bayoğlu Kına, 2020: 398).

Шығармаларының көпшілігі лирикалық мазмұнда жазған Тагор прозалық шығармаларында да адамның жан дүниесіне қатысты ойлары сипатталады. Тагордың еңбектеріндегі адамдар және іс-әрекеттеріндегі сезімдері мен сағыныштары тербеліспен көрсетіледі. Тагордың өлеңдерінде табиғат, адам, Құдай, өлім, жалғыздық, еркіндік, сағыныш және махаббат сияқты тақырыптар қамтылған.

Тагор, табиғат тақырыбындағы өлеңдерінде жыл мезгілдерін, түнді, күнді, жаңбыр мен топырақты, адамның қуанышы мен қайғысын қосады. Үнділердің түсінігі бойынша шындық жалғыз болғанымен, ол үш кезеңге бөлінеді. Біріншісі – дүниедегі заттардың жай ғана бар екендігін қабылдау және оны бар болмысымызбен көру. Екіншісі – барлық нәрселермен қарым-қатынасымызды білім арқылы тамамдау. Үшіншісі – сүйіспеншілік арқылы бізді барлық нәрселермен байланыстыратын қуаныш күйін сезіну. Қорыта айтқанда, егер біз әлемді заңдармен реттелетін заттардың жиынтығы ретінде емес, рухани бірлік ретінде қарастырсақ және осыдан ләззат алсақ, онда дүние туралы түсінігіміз толық болады. Тагордың пікірінше, бұл дүниенің мақсаты, бір жағынан, онда өмір сүру, оны тану, ал екінші жағынан, сүйіспеншілігіміздің күшін кеңейту арқылы адамдар мен әлем арасында үйлесімділік орнату (Filiz Bayoğlu Kına, 2020: 399).

Тагор еңбектеріндегі ең маңызды ерекшелік – табиғат пен адамды бір-бірінен ажырамас тұтастықта бейнелейді. Тагор үшін табиғат пен махаббат шығармашылық қуаныштың көрінісі болды. Тагор шығармаларында мәңгілік және шексіз қуанышты табиғаттан, махаббат пен өмірден іздеді. Тагор, өмірдің қалыңы пен күреске толы екенін және адам болмысының кемел емес екенін білді. Бірақ, қиыншылық пен талпыныс адамдарға өмір сүруге күш береді деген көзқараста болды. Тагордың ойынша, адамдар – Тәңірдің ең көркем жаратылысы және олар Құдайдың шеберлігінің ең жоғарғы көрінісі деп сипаттап адамға ерекше мәртебе береді. Тагор, адамның өмір жолы күрделі екенін және адамның жоғары психикалық және рухани кемелденуге жетуі үшін рухани қажеттіліктерді толықтыру керектігін айтады. Тагор еңбектерінде маңызды кейіпкер «адам» және адамның ішкі жан дүниесіндегі үрей мен қобалжулар, адамның махаббатқа мұқтаждығы, болмысындағы жұмсақтық пен жанашырлыққа назар аударады (Filiz Bayoğlu Kına, 2020: 399).

Тагордың ойынша, өмірдің мақсаты – бүкіл адамзатты сүю және әлемде де, қоғамда да сүйіспеншілікті құру арқылы бейбітшілікті орнату. Меричтің айтуынша, «*Тагор үшін ұлттар болған жоқ, халықтар болды*» (Meriç Cemil, 2012: 243–247). Тагор осы мақсатта университет құру арқылы әртүрлі мәдениеттердің интеграциясын қамтамасыз етуге тырысты (Filiz Bayoğlu Kına, 2020:4 00).

Тагордың еңбектері адам табиғатына үңіле білуімен және қарапайым адамдық сезімдерді сипаттауымен құнды. Бұл тақырыпта Уильям Батлер Йейтс былай деп жазады: «*Екінші дүниежүзілік соғыс Тагорға қатты әсер етті, дегенмен бұл жағдай оның адамдарға деген сенімін толығымен жоғалтқан жоқ. Сонда да адамзатқа деген сенімнен айырылып ауыр күнә алғам келмейді, адамдарда жер бетіндегі проблемаларды шешу жолдары әлі жоқ. Оны таппай жүрміз, өмірдің мәнін аша алмай жүрміз– деді ол өркеніет қирандыларына қарап.*» (Dutta Krishna, Robinson Andrew, 1996: 367).

Шерхан Мұртаза және еңбектері. Шерхан Мұртаза – Қазақстан Республикасының және Кеңес Одағының белгілі жазушысы, журналист, аудармашы, қоғамдық және саяси қайраткер. Шерхан Мұртаза Жамбыл облысының Жуалы ауданындағы Талапты ауылында қарапайым колхозшының отбасында 1932 жылы 27 қыркүйекте дүниеге есігін ашқан. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінде білім алған Шерхан ұлттық рухты дәріптеген жазушы. Шерханның бес жасында әкесін халық жауы деген жаламен тұтқындап, Сібірге айдаған. Кішкентайынан тағдыр тауқыметін көп көрген Шерхан 7-сыныптан кейін Жамбыл мектеп-интернатына оқуға түсіп, мектеп бітірген соң 1950 жылы Мәскеуге полиграфиялық институтына түседі. Студенттік жылдарында аз шәкіртақымен күн көрген Мұртаза аудармашы ретінде өз қабілетін сынайды. Шерханның аудармасында Лагиннің “Хоттабыч қартын» және башқұрт классигі Мұстай Кәрімнің еңбектерін, Венгрияның халық ертегілерін, Ганс Христиан Андерсен мен Шыңғыс Айтматовтың туындылары қазақ тілінде жарық көрді. Сондай-ақ студенттік жылдарында Шерхан бокс, бильярд және тапанша ату түрінен жарыстарға қатысқан (<https://stan.kz/baspasozdin/>, 2018).

1955 жылы «Саяси және көркем әдебиет» мамандығы бойынша дипломымен Шерхан елге оралып, «Жазушы» баспасына жұмысқа орналасады. Кейінірек «Лениншіл Жас» газетіне әдеби қызметкер ретінде, көп ұзамай Қарағанды мен Ақмола облыстарында тілші болып, кейін Алматыға «Лениншіл Жас» газетінің бас редакторының орынбасары қызметін, Қостанай облысында «Социалистік Қазақстан» газетінің тілшісі қызметін, 1963 жылы «Лениншіл Жас» газетінің бас редакторы қызметін атқарады. Шерхан Мұртаза, «Лениншіл жас» газетінен кейін «Жалын», «Жұлдыз» әдеби журналдарында, «Қазақ әдебиеті», «Социалистік Қазақстан» газеттерінде жұмыс істеді. Шерхан Мұртаза өзі редакцияларда қызмет еткен кезеңдерде Қазақ әдебиетінің жандануына тек шығармаларымен ғана емес, әдеби салаға дарынды ақын-жазушыларды да қызметке тарту арқылы да әдебиет саласының өкілдерінің таланты ашып, дамуына үлесін қосты. Оралхан Бөкей, Фариза Оңғарсынова, Әбіш Кекілбаев секілді қазақтың дарындылары да газетке Шерағанның қолдауымен келген. 1994 жылы Жоғарғы Кеңестің 13-ші шақырылымының депутаты болып сайланған Шерхан әділеттілігі үшін «Шераға» деген атымен де белгілі болды. Шерхан Мұртазаның: «Ай мен Айша», «Ноқтаға басы сыймаған», «Табылған теңіз», «Бұлтсыз күнгі найзағай», «Белгісіз солдаттың баласы», «Мылтықсыз майдан», «41-жылғы келіншек», «Ахметжанның анты» повестері мен «Интернат наны» атты әңгімелер жинақтары, «Қара маржан» романы, «Қызыл жебе», «Сталинге хат», «Бесрудің хаты», «Бесінші бұрыш» атты пьесалары бар. Қазақтың Шерағасы 2018 жылы 9 қазан күні 86 жасында көз жұмды (<https://stan.kz/baspasozdin/>, 2018).

Шерағаның өмір сүрген дәуірдегі әдеби шығармалар кеңестік кезеңді дәріптеу мазмұнында болатын. Шерханның шығармашылығының ерекшелігі сол өз дәуірінің оқиғасын қаламға алса да ұлттық рухты арқау ететіндігінде еді. Шерханның шығармаларында негізгі үш тақырып: туған жер табиғаты, ата-баба рухы және кейіпкерінің басынан өтіп жатқан оқиғалар тізбегі секілді тақырыптыр қамтылады. Әдебиеттанушылар Шерхан шығармалармен баяндамайды жазумен сурет салады деген баға берген. Шығармаларында кейіпкердің жай-күйін табиғат көріністерімен сипаттап баяндау көптеп кездеседі. Жазушы адам мен ғарыштың үйлесімде екендігін жеткізеді. Коммунист жазушы еңбектерінде туған жердің байлығы және оны дамыту ата-баба аманаты деген мазмұнда баяндалады. Шерағанның ұстанымындағы саяси жүйенің қаулысынан гөрі Тәңір күдіретті деген түсінікпен жеткізген жазушының шығармаларындағы коммунист және комсомол өкілдері болатын кейіпкерлерінің болмысын ұлттық рухтық сипатта бейнеленеді. Қазақ халқының дүниетанымын сипаттауда Шерхан қазақ қоғамының құрылымының ең негізгі құндылығы – отбасы екендігін және ер-азамат рухының биік болуын дәріптейді. Шерханның шығармаларында ата-баба аруағының және символиканың көп болу сыры, қазақ дүниетанымы қалыптасуының тереңдігін білдіреді (Елен Әлімжан, 2019).

«Қызыл жебе» романы Шерхан Мұртазаның шығармаларының ішінде ең маңыздысы. Шерхан Мұртаза 1960 жылы «Социалистік Қазақстан» газетінде Байжарасов тарапынан жазылған Тұрар Рысқұлов туралы мақаланы оқығаннан кейін қазақтың жастай кеткен тұлғасы туралы көркем шығарма жазуға бел буады. Бұл тағдырлы мақаланың жарияланғаны үшін газет редакторы Қасым Шәріпов қызметінен алынады. Шерханның «Қызыл Жебе» романының бас кейіпкері – тұтастай Түркістанның, кейін РСФСР-дың басшыларының бірі, Коминтерн белсендісі Тұрар Рұсқұлов жайында болатын. Шерхан Мұртаза – «халық жаулары» жөнінде кеңес әдебиетінде алғашқылардың бірі ретінде роман жазған жазушы болып есептеледі және жазушының қайсарлығы да осында болды. Романда Түркістан Совнаркомы бастығының шаруалар көтерілісін басудағы әрекеті, Түркістан тағдырын ойлап Лениннің қабылдауында болуы, аштықтан зардап шеккен Қазақстанға көмек сұрап Сталинге кіруі, коммунист Тұрар және алашордашылармен ара-қатынасы секілді оқиғалар тізбегі баяндалған. Қазақ әдебиетінде Кремльдік өмір жазылған тұңғыш қазақ туындысы Шерханның «Қызыл Жебесі» болды. Романда XX ғасырдың басынан 1937 жылға дейін

созылған аласапыраны қамтылған: Тұрардың отбасы, мен әулеті, Талғар мен Түлкібастағы, Меркі өңіріндегі қазақ ауылдары мен орыстар арасындағы қақтығыс, Ферғанадағы басмашылары секілді оқиғалар тізбегі қамтылды. Шерхан Мұртаза «Қызыл жебе» романы арқылы сол дәуірдегі қазақ қоғамының жай-жаспарын сипаттады. Шерхан Мұртазаның өнердегі жеберлігіне, әдебиеттанушы, сыншы Сайлаубек Жұмабеков оның романдарына – эпопея деген атау берді (Елен Әлімжан, 2019).

Шерхан Мұртазаның «Қызыл Жебе» романының негізгі ерекшелігі коммунист бір қайраткер туралы коммунист бір жазушының коммунистік қоғамда өмір сүргеніне қарамастан шығармасын ұлт рухтық мазмұнда жазылуында. Романда Тұрардың қиын кезеңінде үнемі алдыңнан шығып отыратын ата-бабаның аруақтары, рухтандырып отыратындығы ұлт тақырыбының бәрінен маңызды екенін білдіреді. Романды, патшалық отаршылдыққа қарсы қозғалыстың қаһарманы болған Рысқұлдың әкесінің айтқан өсиеті Тұрардың құлағында жаңғырып тұратындығы біры. Романда Қызыл жебе – армандарға жетелейтін символ іспеттес роман кейіпкеріне бағыт іспеттес болады. Тұрар танымында биік таулардан бұлтпен араласып кетіп бара жатқан аруаққа айналған Рысқұл өзінің биігіне баласын да шақырғандай сезім береді. Қазақ әдебиетінде Құдайға құлшылық жасау және аруақты разы ету ұлттық рухтың бір паршасы болатын. Әкелі балалы Рысқұл мен Тұрардың тағдыры ұқсас болды. Рысқұл «Қызыл Жебенің» бағын ашамын деп соңында тұлпардың өлімімен аяқталады. Тұрардың трагедиясы болса, өзі орнатуға атсалысқан өкіметтің өзін «халықтың жауы» ату жазасына кесілуінде көрініс тапты. Тұрардың трагедиясы оның ұлтжандылығы болды және сол осы ұлтын сүйген рухы үшін өзі қызмет еткен саяси жүйеге қарсы шықты.

«Гәуірмаһан» романы және Гора болмысы. «Гәуірмаһан» – Рабиндранат Тагордың 1880 жылдары Калькуттадағы Британ билігі кезеңіндегі жазылған романы. Мазмұны саясат пен дін туралы философиялық пікірталастарға бай бұл еңбек Тагордың он екі романының ішіндегі ең көлемдісі болды.

Рабиндранат Тагордың «Гәуірмаһан» романына арқау болған Гора, яғни ақ адам»Неохиндуизм» бағытын жақтаушылар ретінде «Брахмо Самадж» қоғамының өкілі Пореш бабумен тіл табысуға тырысады. Бұл романда Тагордың оқырманға жеткізкісі келгені жікшілдіктің мақсатқа жеткізбейтіндігі, ұйымдасып бірлескен жағдайда ғана жетістік болатынын дәріптейді (Рабиндранат Тагор, 1964: 7).

19 ғасырдың соңғы ширегінде үнді халқының интелегенция өкілдерінің арасында өзара идеологиялық жікке бөліну құбылысы бұқара халықтың тұтастай бірігуіне кедергі болса, сәйкесінше ағылшын билігі үшін тиімді болды. «Гәуірмаһан» романындағы басты кейіпкер Гораның өзі ұстанған идеологияның жанкүйері болып, оны дәріптеп қызмет етеді. Бірақ күткен нәтиже, қоғамдағы алауыздық және халықтың бытыраңқылығы проблемаларын шешуде өзінің ұстанған идеологиясы қауқарсыз екенін сезінген болатын. Баста халықты, ұлттық рухты сақтауда және құтқаруда, олардың рухын оятуда діннің ролі зор деп білген Гора елдегі жағдайдың ағымын сезініп, өзінің ішкі түйсігіне сеніміне қарсы қарсы келе бастайды. Гораның бұл ойын Тагор төмендегідей баяндайды:

«Гора бірте-бірте барып браһман діншіл болмауға тиісті дегенге келді. Діншілдік – түгелдей қара халықтың ісі. Құлшылық етуші мен Тәңірінің арасын жалғастыратын көпір – даналық көпірі. Бірақ бұл көпір оларды біріктіріп қана қоймайды, араларындағы айырым-межені де анықтап тұрады. Құлшылық етуші мен Тәңірінің арасында таза танып, білудің шыңырау құзы жатпаса, дүниенің бәрі бұзылып кеткен болар еді ғой. Сол себепті браһман құлшылық жасап, рахат көрмекші емес. Браһман қара халықтың Тәңірге сенімімен ұстатпақ, сол үшін дүние қызығынан баз кешіп, танып, білудің биігіне көтерілмек. Дүниеуи тірлікте тыныштық жоқ браһманға, сондай-ақ намаз оқып, тәңірге құлшылық етудің қуанышы мәлім болмасқа керек оған. Дүниеуи іс-қарекетте браһманның басты міндеті –

тілектен тыйылып, заң-шариятты мұлт жібермеу де, ал діни іс-қаракетте – біліп, танудың шыңына көтерілу болып табылмақ» (Рабиндранат Тагор, 1964: 431).

Романда, уақыт өте келе Гора өзін-өзі іздеу, халықтың қамы үшін қандай идеология дұрыс екендігін түсіну үшін өзін және басқа идеологияларды тануға тырысады. Бұл идеологиялардың бұрысы мен дұрысын саралай келе соңында өз идеологиясынан да бас тарады. Мұндағы сенім, идеология және ұстанымың не түр болса болсын, халық және мемлекет қамы үшін мақсат тек біреу ғана болу керек, ол – нағыз үнді халқы болу ұстанымы болатын:

«Гора бойында жаңа пайда болған сезімінің ыстық толқыны Порешті де баурап әкетті. Шал орындығынан тұрды: отыра беруге шамасы қалмады.

– Сіз мені түсінесіз бе? – деп жалғады сөзін жігіт. – Өмір бақи болсам деп арман етіп, бола алмап едім, соған бүгін қолым жетті. Міне енді ғана үнді болдым. Мен үшін индуизм мен мұсылман дінінің, христиан дінінің арасында қайшылық жоқ енді. Осы күннен бастап Үндінің бар касталары – менің кастам, бар халықтың ризығы – менің ризығым. Мен Бенгалияның түкперлерін араладым, қыстақтарда ең төменгі кастаға жататындардың үйлерінде болдым. Қалада өтетеін жиындарда ғана сөйлейді екен деп ойламаңыз, әсте олай емес, сонда да Үнді халқының қатарына барып, иықтасып тұрған бір кезім болған емес, әмәнда аса алмайтын, көрінбес бір кедергі тұрғандай еді. Көңілім құлазыған құр қуыс бірдеме болатын. Қайтсе де соны елемеуге тырысушы едім, әрқилы әшекейлермен әлеміштеп жасырмақ болатынмын. Үндіні тірлігімен де артық көремін, сол себепті бүкіл ел бейнесі болып табылатынды гайбаттайтындай болмашы бірдемені сезсем-ақ азаптанушы едім сондайлық. Міне, енді қуыршақ көрініс жасаймын деп арам тер болмаймыз, Пореш бабу, арқам кеңіп жүре бергендей.

Адамды қалай азат етудің сиқырын білесіз. Сол себепті ешқандай қоғамға жатпайсыз да. Өіңізге шәкірт етіп алыңызшы мені, Пореш бабу. Индуист пен мұсылманға да, христиан мен браһмаисқа да – бәріне ортақ, гибадатхана есігін қай халыққа болсан, қай адамға болсын жаппайтын тәңірінің, индуистің ғана емес, бүкіл Үнді тәңірінің дұғасын үйретіңізші!» (Рабиндранат Тагор, 1964: 451–452).

Осылайша Тагор ел ішіндегі идеологиялық алауыздықтың шешімін «Гәуірмаһан» романында баяндайды.

«Қызыл Жебе» романы және Тұрар Рысқұлов болмысы. Шерхан Мұртазаның романында болса қазақтың Кеңестер Одағы құрылуы кезеңіндегі қаһарманның болмысы жан-жақты сипатталады. Өз еңбектерінің ішінде «Қызыл жебе» романын жоғары қойған Шераға бұл романды қазақтың тұңғыш қайраткері Тұрар Рысқұловтың өмірі мен шығармашылығына арналған.

Романда жиырмасыншы жылдың май айының ортасында Кремльде өткен Ленин мен Тұрардың кездесуі болады. Рысқұловтың Ленинмен кездесу алдындағы ішкі сезімі, қобалжуы баяндалады:

«Рысқұловтың жиырма бес жас өмірінде қанша кеш батып, қанша таң атты – ешкім есептеген емес. Талай таң атқан сияқты, бірақ бүгінгі таңның жөні бөлек. Бүгінгі таңда ол тым ерте, Мәскеудің аспаны енді-енді бозара бастағанда-ақ тұрды да, жақсылап моншаға түсіп, өте мұқият жуынды. Пәруана діндарлар Меккедегі қасиетті Қағбаға кірерде осылай тазаланатын шығар... Рысқұловтың қағбасы – Лениннің кабинеті. Оның табалдырығын адал аттау керек. Ол табалдырықтан аттардажан-жүрек тазалығы да қажет. Жүрегің, ниетің, ойың кіршіксіз болсын» (Шерхан Мұртаза, 1991: 236).

«Рысқұлов сонда осы қазір ғана өзін Ұлы Табалдырықтан аттап, Ұлы Дүниеге енгенін сезді. Бұған дейін өмірінің бәрі – ұзын жол, бұралаңы да, өрі де, ылдиы да, соқпағы да көп шұбалаң жол оны Ұлы Табалдырыққа жеткізген екен. Ұлы Табалдырықтан аттау үшін адамға дәт керек, үлкен әрі таза рух керек. Дәтің болмаса, рухың жер бауырлап жатса, ой-

санаңда қиқым-сиқым, шөп-шалам, ұсақ-түйек болса, Ұлы табалдырықтан аттауға адымың жетпес еді.

Ұлы Табалдырықты аттағандағы мақсаты – Рысқұлов өзіне қызмет сұрап келген жоқ, пәтер тілемейді, жалақамды көбейтпемейді, атақ-дәреже тілемейді. Ол халық үшін, халықтың тағдырын шешу үшін, Түркістан елін шын бақытқа жеткізу үшін Ақыл-ой алыбының алдында тұр» (Шерхан Мұртаза, 1991: 240–241).

Романда Ленин мен Рысқұловтың арасында өрбіген диалог, Лениннің Тұрардың жағымды және жағымсыз тараптарыңыздан хабарым бар деуі және Тұрардың саяси жүйеге адал қызмет еткеніне қарамастан сол кездің өзінде «қара тізімге» ілінгендігі белгісін берген еді:

«А-а, Тұрар Рысқұлович, ... Ойламаңыз, мен сізді білмейді деп. Сіз туралы бәрін де білемін. Түрккомиссиядағы жолдастар сіз туралы айтты да жазды да. Жақсы жағыңыз да, не деуге болады, жағымсыздау жағыңыз да бізге мәлім. Ал бірақ дәл осындай жап-жас, дәл осындай жігерлі жігіт деп ойламап едім. Сіз атқарып жатқан аса ірі қызметіңізге, әрекеттеріңізге қарап, сізді тым кексе, егде деп ойлауға болар еді. Сөз болсаңыз жап-жас екенсіз, - деп балаша таңданды Ленин».

Тұрара Рысқұловтың Ленинге елдің жалпы мүшкіл халін, халқының мұңын мұңдап, жоғын жоқтап халықтың қажеттілігін баяндап көмектесуін сұрайды:

«Өзіңізге белгілі, Владимир Ильич, патша отыршылдығы кезінде, бүкіл Түркістанда, әсіресе оның Қазақстан бөлігінде шарулар шұрайлы жерден айрылды. Миллиндаған десятина нәрлі жерді кулактар иемденді. Жетісу, Әулиеата, Шымкент уездерінде, Сырдария бойына бұл саясат өте-мөте қытымыр келді. ...Әне сол кулактар сол жерді әлі де бауырына басып отыр. Бірінші көмек – сол жерлерді кулактардан алып, шын иесіне қайтару. Екінші көмек – жергілікті шаруа ол жерді өз күшімен игере алмас. Ендеше шаруаны күш-көлікпен қамтамасыз ету керек» (Шерхан Мұртаза, 1991: 243).

«Біздің Түркістанда университет жоқ, Владимир Ильич, Ал мектеп деген, әсіресе, ұлттар тіліндегі мектеп бұлт басқан қараңғы түнде әлдеқалай анда-санда әрең жылтырап бір көрініп қалатын жұлдыздар сияқты тым-тым сирек. Патша губернаторлары Түркістан мен Қазақстанда мектеп салудан гөрі түрме салуға құштар болды. Енді керісінше болғаны жөн шығар» (Шерхан Мұртаза, 1991: 244).

Ленин мен Тұрардың диалогы ары қарай өрбіп, тақырып Түркістан Республикасының болашақ жобасының қаралатынына да тоқталады:

«Университет болады, жолдас Рысқұлов, жолдас Ходжаев. Әлгі сіз айтқан бұлттар ашылып, самсаған жұлдыздар сияқты жүздеген мектептер ашылады. ... Түрмелер азаяды. Ал Сіздің Түркістан Республикасының болашақ сипаты туралы жобаңыз жақын күндерде Саяси Бюро мәжілісінде қаралады, - дейді, Владимир Ильич (Шерхан Мұртаза, 1991: 244).

Романның соңында өзі қызмет еткен саяси жүйеден көңілі қалған, керісінше халқына аяусыз қастандық жасаған бұл жүйенің халыққа жарқын болашақ сыйлайтынына үміті үзілген Тұрардың ойлары өрбиді. Қазақ халқының екі ірі тұлғасы, бірі саяси қайраткер екіншісі жазушы Тұрар мен Мұхтардың диалогы халықтың тағдыры болатын:

«Сен аман бол, Мұхтар. Бұл нәубет өтер-кетер. Бірақ тарихқа жазылмай қала ма деп қорқамын. Халықтың тағдырынан гөрі, қу қарынның қамын көп ойлайтын күнкөрістің құрбандары тарихты бұрмалайды-ау деп қорқамын. Өмір жетсе, осының бәрін, жазушы болмасам да, тарихшы ретінде жазар едім, кім білсін. ... Бірақ сен жаза бер, жаза бер. Заман үнемі осылай болмас. Сталин айтады: социализм аяғынан нық тұрған кезде централизмнен нағыз демократияның өзіне көшеміз дейді. Сондықтан ұдайы қыспақ бола бермес. Сен жаз, Мұхтар. Сондықтан, Мұхтар, бір тумақ бар, бір өлмек бар. Тіршілікте зұлымдықпен арпалысып қал. Мен енді соған басымды тіккен адаммын. Арты не болары – бір Тәңірге аян» (Шерхан Мұртаза, 1991:254).

Осылайша Тұрар ел тағдыры үшін басын бәйегеге тігіп, өзі сенген, үміттенген идеологиядан, яғни алғашқы ұстанымынан бас тартып халықтың қамы үшін ақиқатқа қызмет етеді.

Зерттеу нәтижелері

Мақалада екі тарихи кезеңде өмір сүрген екі халықтың – Үнді халқының жазушысы Тагор мен қазақтың жазушысы Шерханның романдарындағы кейіпкерлерінің ұқсас болмысы сипатталады. Бұл екі кейіпкер-қаһарман өздері сенген идеологиясына бастапқыда адал қызмет етуі, уақыт өте келе сенген және қызмет еткен идеологияларының жалпы халыққа бірдей қызмет ете алмауы, халықтың үмітін ақтамауы және күткен нәтижелерді бермеуінен кейіпкер-қаһармандардың ішкі күйзелісі, қызмет еткен жолының адасу екендігін сезінуі, басқа шығар жол мен үміт іздеуі, нәтижесінде өзі сенген идеологиядан бас тартып, тұтастай халыққа қызмет ететін жаңа бір жолды іздеу талпынысы баяндалады. Бұл екі кейіпкер-қаһарманның жаңа бағытқа деген тәуекелі қоғамның ұлттық рухының оянуына қызмет еткені туралы салыстырмалы түрде ұқсастығы баяндалады.

Қорытынды

Тагор өзінің еңбектерімен әлемдік өркениет санасына жазылған тұлға болды. Рабиндранат Тагор ХІХ ғасырдағы үнділік рухтың шынайы көрінісі. Ол нәсілдік бәсекелестік пен діни алауыздық орнаған кезеңде әлемде бейбітшілік пен сұлулықты жақтайтын еңбектерімен белгілі. Тагордың шығармаларынан адамның шынайы болмысын көреміз. Бұл жайында Тевет былай дейді: *«Тагор біздің жанымыздың айнасы туралы айтпайды, оны сипаттамайды, оған қарауды бұйырмайды; Ол бізге сол айнаны береді және оған қарауды бізге қалдырады. «Бұл айнаға қараған кезде біз өзімізді көреміз және өз мағынамызды түсінеміз»* (Tevet Fethi, 1950: 403). Тагор шығармаларында, әсіресе оның өлеңдерінде табиғат, адам және Құдай бір-бірімен тығыз байланысты. Тагор қатыгездік орнаған әлемде ақырында шындық пен сұлулық жеңетініне шын жүректен сенді. Оның ойынша, адамзат адамдарға деген сүйіспеншілікті сезінбейінше, олар туралы ешқашан дұрыс көзқараста бола алмайды деген ұстанымда болды. Тагор ежелгі өркениеттердің жойылуының себебін жүректің қаталдығы мен адамның қадірін түсінбеуінен болды деп есептейді. Ал мемлекет халықты өз билігінің құралы ретінде қарастырып, әлсіз халықты құлдыққа мәжбүрлеу арқылы қысым көрсетсе, бұл адамның еркіндігіне соққы беру дегенді білдіреді. Тагордың ойынша, адам бақыттылығын қамтамасыз ететін махаббат пен әділдік деп есептейді.

Қазақтың қайсар мінезді жазушысы Шерхан Мұртаза шығармалары өзіне дейін және өзі өмір сүрген кезеңдердегі саяси жүйенің үстемдік еткен идеологиясын сынаудан тайсалмады. Шығармаларына арқау болған тақырыптар елдің, халықтың жан айқайы болатын және саяси жүйе екпінімен басып-жаншылған ұлттық рухты оятуды көздейтін (Шерхан Мұртаза, <https://abai.kz/post>).

Үнді халқының жазушысы Тагор мен қазақтың жазушысы Шерханның романдарын салыстырмалы тақырып ретіндегі алуымыздың басты себебі: роман кейіпкерлерінің бастапқы сенген идеологиясына адал қызмет етуі, кейінірек бұл идеологиялары жалпы халқына бірдей қызмет ете алмауы, күткен нәтижелерден үмітінің азаюы, Гора мен Тұрардың ішкі күйзелісі, сенген идеологиясының адасу екендігін сезінуі, басқа шығар жол мен үміт іздеуі, нәтижесінде бір саяси идеологияға емес тұтастай халыққа қызмет етуге бекінуі секілді оқиғалар тізбегі баяндалады. Бұл екі романның кейіпкерлерінің әрекеті және шешімі саналы азаматтардың, қоғамның ұлттық рухының оянуына қызмет етті деп айта аламыз.

Әдебиеттер:

Баспасөздің баһадүрі Шерхан Мұртазаның өмірбаяны // URL: <https://stan.kz/baspasozdin-ba%D2%BBad%D2%AFri-sherkhan-murtaza/> (Қаралған күні 20.08.2024).

Елен Әлімжан. Халық жазушысы, қоғам қайраткері Шерхан Мұртазаның өмірден озғанына – 1 жыл, Егеменді Қазақстан Газеті, – 3 қазан, – 2019 // URL: <https://egemen.kz/article/210156-khalyq-dgazushysy-qogham-qayratkeri-sherkhan-murtazanyh-omirden-ozghanyna-%E2%80%93-1> (Қаралған күні 30.08.2024.)

Рабиндранат Тагор. Гәуірмаһан. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1964.

Рабиндранат Тагор. 7 мая – 150 лет со дня рождения индийского писателя, поэта и общественного деятеля Рабиндраната Тагора (1861–1941) // URL: <https://www.nlb.by/content/uslugi/sotsiokulturnye-uslugi/vystavki/knizhnye-vystavki-2007-2017-/vystavki-2011-goda/pisateli-yubilyary-2011/rabindranat-tagor/> (Қаралған күні 10.08.2024.)

Шерхан Мұртаза. Қызыл Жебе. Жұлдыз Көпір. Қыл Көпір. Алматы: Жазушы Баспасы, 1991.

Шерхан Мұртаза: Тірілер Ойлансын, Камал!, 2012 // URL: <https://abai.kz/post/14574> (Қараған күні 30.08.2024.)

Dutta Krishna, Robinson Andrew. Rabindranath Tagore The Myriad- Minded Man. Great Britain: Bloomsbury Publishing, 1996.

Filiz Bayoğlu Kına. Şairin Sesi: Rabindranath Tagore. Atatürk Üniversitesi. Türkiyat Araştırmaları Enstitüsü Dergisi. TAED-67. 2020. S. 395–404 // URL: <https://dergipark.org.tr/tr/download/article-file/956970> (Қараған күні 15.08.2024.)

Meriç Cemil. Bu Ülke. İstanbul: İletişim Yayınları, 2012.

Tevet Fethi. Tagore Külliyyatı I Hayatı ve Eserleri. İstanbul: İkbâl Kitabevi, 2. Baskı, 1950.

References:

Baspasozdin bahaduri Sherkhan Murtazanyñ Omirbayany (2024) // URL: <https://stan.kz/baspasozdin-ba%D2%BBad%D2%AFri-sherkhan-murtaza/>, (20.08.2024). (in Kaz).

Elen Alimzhan. Khalyk zhazushysy, qogam kairatkeri Sherkhan Murtazanyñ Omirden ozanyña – 1 zhyl (2024) // Egemendi Kazakhstan Gazeti, – 3 Kazan. URL: <https://egemen.kz/article/210156-khalyq-dgazushysy-qogham-qayratkeri-sherkhan-murtazanyh-omirden-ozghanyna-%E2%80%93-1>, (08/30/2024.). (in Kaz).

Rabindranath Tagore (1964) Gauirmahan. Almaty: Kazaktyn memlekettik korkem adebiet baspasi (in Kaz).

Rabindranath Tagore (2024) May 7 – 150 years since the birth of the Indian writer, poet and public figure Rabindranath Tagore (1861–1941). URL: <https://www.nlb.by/content/uslugi/sotsiokulturnye-uslugi/vystavki/knizhnye-vystavki-2007-2017-/vystavki-2011-goda/pisateli-yubilyary-2011/rabindranat-tagor/> (10.08.2024.) (in Rus).

Sherkhan Murtaza (1991). Kyzyl Zhebe. Zhuldyz Kopir. Kyl Kopir. Almaty: Jazushy Baspasy7 (in Kaz).

Sherkhan Murtaza (2024) Tiler Oilansyn, Kamal! URL: <https://abai.kz/post/14574> (08/30/2024.). (in Kaz).

Dutta Krishna, Robinson Andrew (1996). Rabindranath Tagore The Myriad- Minded Man. Great Britain: Bloomsbury Publishing.

Filiz Bayoğlu Kına (2020). Şairin Sesi: Rabindranath Tagore. Atatürk Üniversitesi. Türkiyat Araştırmaları Enstitüsü Dergisi. TAED-67. P. 395-404 // URL: <https://dergipark.org.tr/tr/download/article-file/956970> [in Tur.].

Meriç Cemil (2012). Bu Ülke. İstanbul: İletişim Yayınları [in Tur.].

Tevet Fethi (1950). Tagore Külliyyatı I Hayatı ve Eserleri. İstanbul: İkbal Kitabevi, – 2 [in Tur.].

¹Шоинжанова М. ²Батырхан Б.Ш.

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

²Институт востоковедения имени Р.Б. Сулейменова, Алматы, Казахстан

E-mail: ¹madina-mikka@mail.ru, ²hafizbolat@mail.ru

ЛИЧНОСТЬ ХАРАКТЕРА НАЦИОНАЛЬНОГО ГЕРОЯ В ИНДИЙСКОЙ И КАЗАХСКОЙ ЛИТЕРАТУРЕ

Аннотация. Тема нашей статьи - о героизме Горы в романе «Гора» философа, писателя, поэта Рабиндраната Тагора и героизме Турара Рыскулова в романе «Красная стрела» Шерхана Муртазы, известного писателя, журналиста, переводчика, общественного деятеля казахского народа. Хотя продолжительность жизни этих двух писателей насчитывает около шестидесяти лет, основной темой их романа стали радикальные изменения в обществе. То есть труд и духовные искания героя романа в период колониальной политики сочетаются с самопознанием и открытиями. Колониальная политика английских империалистов в Индии и российская колониальная политика на казахской земле базируются на многих произведениях и образуют богатое литературное наследие в этих странах. Одними из важнейших и уникальных из них являются роман «Гора» в индийской литературе и роман «Красная стрела» в казахской литературе. Героический персонаж в литературном наследии каждого народа представляет собой человека, рискнувшего своей головой ради народа в кризисный период этого общества, стремившегося к интересам большинства, а не к своим личным интересам. Трудные времена в обществе формируют людей, и люди служат обществу, а не себе. В данной статье описывается характер героев Гора и Турар в романах Тагора «Гора» и «Красная стрела» Шерхана, их мысли о положении народа и их героический труд на этом пути. Цель статьи - сравнить влияние творчества романых героев-героев казахской и индийской литературы на общество, их деятельность, способствующую пробуждению национального духа. В статье использованы такие методы научного исследования, как сравнительный анализ, дифференциация, критические методы. В результате сравнительного анализа двух романов описывается схожесть характеров персонажей романов двух народов, живших в два исторических периода. Относительное сходство этих двух персонажей-героев говорит о том, что риск нового направления послужил пробуждению национального духа общества.

Ключевые слова: Рабиндранат Тагор, Шерхан Муртаза, «Гора», «Красная Стрела», идеология, свобода, нация, национальная идентичность.

¹Shoinzhanova M. ²Batyrkhan B.Sh.

¹Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

²R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan

E-mail: ¹madina-mikka@mail.ru, ²hafizbolat@mail.ru

PERSONALITY OF THE CHARACTER OF THE NATIONAL HERO IN INDIAN AND KAZAKH LITERATURE

Abstract. The topic of our article is about the heroism of Mountain in the novel «Mountain» by the philosopher, writer, poet Rabindranath Tagore and the heroism of Turar Ryskulov in the novel «Red Arrow» by Sherkhan Murtaza, a famous writer, journalist, translator, public figure of

the Kazakh people. Although the life expectancy of these two writers is about sixty years, the main theme of their novel was radical changes in society. That is, the work and spiritual quest of the hero of the novel during the period of colonial policy are combined with self-knowledge and discoveries. The colonial policy of the English imperialists in India and the Russian colonial policy on Kazakh soil are based on many works and form a rich literary heritage in these countries. Some of the most important and unique of them are the novel «Mountain» in Indian literature and the novel «Red Arrow» in Kazakh literature. A heroic character in the literary heritage of each nation is a person who risked his life for the sake of the people during a crisis period of this society, striving for the interests of the majority, and not for his own personal interests. Hard times in society shape people, and people serve society, and not themselves. This article describes the character of the heroes of Mountain and Turar in Tagore's novels «Mountain» and «Red Arrow» by Sherkhan, their thoughts on the situation of the people and their heroic work along this path. The purpose of the article is to compare the influence of the work of the novel heroes of Kazakh and Indian literature on society, their activities that contribute to the awakening of the national spirit. The article uses such methods of scientific research as comparative analysis, differentiation, critical methods. As a result of the comparative analysis of the two novels, the similarity of the characters of the novels of two peoples who lived in two historical periods is described. The relative similarity of these two characters-heroes suggests that the risk of a new direction served to awaken the national spirit of society.

Keywords: Rabindranath Tagore, Sherkhan Murtaza, «Mountain», «Red Arrow», ideology, freedom, nation, national identity.

Автор туралы мәлімет:

Шоинжанова Мадина, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің докторанты, Алматы, Қазақстан.

Батырхан Болатбек Шәденұлы, PhD, жетекші ғылыми қызметкер, Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, Қазақстан.

Сведения об авторах:

Шоинжанова Мадина, докторант КазНУ имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Батырхан Болатбек Шәденұлы, PhD, ведущий научный сотрудник, Институт востоковедения имени Р.Б.Сүлейменова, Алматы, Казахстан.

Information about authors:

Madina Shoinzhanova, PhD student of KazNU named al-Farabi, Almaty, Kazakhstan.

Bolatbek Batyrhan, PhD, Leading researcher, R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan.